

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы Ұйымдасқан қылмысқа, терроризмге және қылмыстың басқа да қауіпті түрлеріне қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 4 сәуірдегі N 476

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1995 жылғы 10 сәуірде Алматы қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасы Үкіметінің арасындағы Ұйымдасқан қылмысқа, терроризмге және қылмыстық басқа да қауіпті түрлеріне қарсы күрестегі

ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы мәселе жөнінде қабылдаған шешімін Герман Тарабына хабарласын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен

Герман Федеративтік Республикасының Үкіметі
арасындағы

ұйымдасқан қылмыспен, терроризммен және басқа қауіпті
қылмыс түрлерімен күрестегі ынтымақтастық туралы

К Е Л І С І М

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі, бұдан әрі Екі Жақ деп аталып,
- 1992 жылғы 22 қыркүйекте қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы қатынастар негізі туралы Бірлескен Мәлімдеме негізінде екі ел арасындағы байланыстарды дамытуға үлес қосуға ниет
б і л д і р е о т ы р ы п ,
ұйымдасқан қылмыстан, соның ішінде есірткімен байланысты қылмыстардан,

адамдардың заңсыз келуінен, терроризммен сақтандыру және күресу мақсатындағы ынтымақтастықтың маңызды мәні бар екеніне көз жеткізе отырып,

Екі Жақ қосылған халықаралық конвенцияларды және ұйымдасқан қылмыстан, есірткімен байланысты қылмыстардан, адамдардың заңсыз келуінен, терроризммен және басқа қауіпті түрлерінен сақтандыру және күресу мақсатындағы мемлекетаралық ынтымақтастыққа қатысты Екі Жақ қол қойған басқа құжаттарды ескере отырып,

бүкіл дүние жүзінде есірткі заттармен және жүйке қоздырғыш заттармен қиянат етудің өсуіне және олардың заңсыз айналымына алаңдаушылық білдіре отырып, терроризммен тиімді күрес жүргізуге деген өздерінің бірлескен жігерлерін қуаттай отырып,

әуе жолы арқылы адамдардың заңсыз келуімен күрес ең алдымен ұшып шығатын әуежайларда және өткінші әуежайларда басталуы тиіс екеніне көз жеткізе отырып, өйткені бұл адамдарды әуе компанияларының тасымалдануынан тек сонда ғана тиімді шығарып тастауға болады,

шекараны басып өту үшін жалған және жасанды құжаттар қолдануды немесе басқа мақсатқа арналған құжаттар пайдалануды қысқарту жөніндегі, сондай-ақ шекара арқылы адамдарды жасырын өткізумен айналысатын ұйымдармен күрес жөніндегі тиімді шаралар қолдануға ниет білдіре отырып төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п

Екі Жақ өз мемлекеттерінің ішкі заңдары шеңберінде және 9-бапты ескере отырып ұйымдасқан қылмыстармен және басқа қауіпті қылмыс түрлерімен күрес саласында, оларды болдырмауды және тергеуді қоса алғанда, ынтымақтастық жасайды.

2 - б а п

(1) Ұйымдасқан құрылымдардың нышандарын анықтаған жағдайда Екі Жақтың ынтымақтастығы мынадай қылмыс түрлеріне таралады:

- есірткі заттары мен жүйке қоздырғыш заттарды заңсыз өсіру, өндіру және алу, оларды әкелу, әкету және өткінші тасымалдау, сондай-ақ есірткі заттары мен жүйке қоздырғыш заттарды сату;

- ақша өткізу;

- терроризм;

- адамдардың заңсыз келуі;

- қару жарақтарды, оқ дәрілерді және жарылғыш заттарды жасырын сату;

- жезөкшелікті пайдалану және адамдармен сауда жасау;
- тыйым салынған құмар ойындар;
- қоқан-лоққы жасау;
- жалған ақшалар жасау және тарату;
- меншікке және мүліктерге қарсы қылмыстар;
- құжаттарды, чектер мен несие карточкаларын қолдан жасау;
- айналадағы ортаға қарсы қылмыстар;

- стратегиялық мақсаттағы радиоактивті, ядролық және улы материалдарды, тауарлар мен технологияларды және басқа әскери техника түрлерін астыртын сату;

- мәдени игіліктерді астыртын сату.

(2) Егер қылмыскерлердің ұйымдасқан топтары әртүрлі қылмыс салаларында іс-әрекет жасаған жағдайларда ынтымақтастық басқа қылмыс түрлеріне де таралады.

3 - б а п

Есірткі заттары мен жүйке қоздырғыш заттарды заңсыз өсірумен, дайындаумен, алумен, әкелумен, әкетумен және өткінші тасымалдаумен, сондай-ақ оларды сатумен күресу мақсатында Екі Жақ өз мемлекеттерінің ішкі заңдары шеңберінде және 9-бапты ескере отырып, ең алдымен:

1. Есірткі заттарын дайындауға, контрабанда жасауға немесе оларды сатуға қатысы бар адамдар туралы мәліметтер, есірткі заттары мен жүйке қоздырғыш заттардың жасыру орындары, көлік жолдары мен жұмыс құралдары, әдістері, шыққан жері мен жеткізу орны туралы, шекарадан заңсыз өту әдістері жөнінде, сондай-ақ бір істің айрықша белгілері туралы егер бұл қауіпті қылмыстарды анықтау және тергеу немесе әрбір нақты жағдайда қоғамдық қауіпсіздік үшін елеулі қатер төндіретін қылмыстардың алдын алу үшін қажет болса белгілі ақпарат алмасады;

2. Теріс пайдалану мақсатында пайдаланылатын өсімдік тектес, сондай-ақ синтетикалық жаңа есірткі заттары мен жүйке қоздырғыш заттардың үлгілерін бір-біріне береді;

3. есірткі заттары мен жүйке қоздырғыш заттардың, сондай-ақ заңды айналымынан ықтимал өтіп кетуін назарда ұстай отырып, оларды заңсыз дайындау үшін қажетті негізгі және алғашқы заттардың заңды айналымын бақылау саласындағы жұмыс тәжірибесімен алмасады;

4. Екі Жақ таныған есірткі заттары мен жүйке қоздырғыш заттардың, сондай-ақ оларды заңсыз дайындау үшін қажетті негізгі және алғашқы заттардың айналымынан заңсыз өтіп кетуінің алдын алуға бағытталған шараларды бірлесіп жүзеге асырады;

5. Есірткі заттары мен жүйке қоздырғыш заттарды заңсыз дайындаумен күрес

жөніндегі шараларды бірлесіп жүзеге асырады.

4 - б а п

Терроризммен күресу мақсатында Екі Жақ өз мемлекеттерінің ішкі заңдары шеңберінде және 9-бапты ескере отырып, атап айтқанда жоспарланған немесе жасалған террорлық актілер, оларды жүзеге асыру нысандары мен әдістері туралы, сондай-ақ басқа Жақтың аумағында екінші Жақтың мүддесіне қарсы қылмыс жасауды жоспарлаушы, жасап

жатқан немесе жасаған террорлық топтар туралы ақпарат алмасады. Бұл алмасу террорлық актілермен күресу үшін немесе әрбір нақты жағдайда егер елеулі қатер төндіретін қылмыстардың алдын алу үшін қажет болса жүзеге асырылады.

5-бап

Адамдардың заңсыз келуімен күресу мақсатында Екі Жақ өз мемлекеттерінің ішкі заңдары шеңберінде және 9-бапты ескере отырып атап айтқанда:

1. адамдардың заңсыз келуімен күресумен байланысты мәселелерді бірлесіп талдау және тиісті жауапты шаралар дайындау жөніндегі жұмыс тобын құрады;

2. басқа Екінші Жаққа қауіпті қылмыстардың алдын алу үшін, сондай-ақ оларды анықтау және тергеу үшін қажетті ақпараттарды хабарлайтын болады.

6-бап

(1) Екі Жақ өздерінің құзырлы министрліктері мен тиісті органдарының, атап айтқанда Ішкі істер министрліктерінің басшы қызметкерлерінен арнайы тағайындалатын сарапшыларды қатыстыра отырып Аралас комиссия құрады. Комиссияның мәжілістері қажет болған жағдайларда өтеді;

- Ынтымақтастық жасау мақсатында Екі Жақ:

1. қылмыспен күрестің әртүрлі салаларында өзара ақпарат алу үшін және криминальдық техника бойынша мамандар алмасады;

2. өз мемлекеттерінің ішкі заңдарына сәйкес:

- ұйымдасқан қылмыс шеңберінде жасалған қылмыстарға қатысы бар адамдар туралы, әсіресе оларды ұйымдастырушылар туралы мәліметтермен;
- қылмыстық топтар туралы, олардың құрылымдары, байланыстары және оларға қатысушылардың тән мінез-құлықтары туралы ақпараттармен;
- қылмыс жасау себебі туралы, соның ішінде қылмыс жасау уақыты, орны және тәсілі, қол сұғатын объектілер, олардың ерекшеліктері туралы, сондай-ақ қылмыстық заңдардың нормаларын бұзу және қолданылған шаралар туралы ақпараттармен
а л м а с а д ы .

Мәліметтермен және ақпараттармен алмасу, егер бұл қауіпті қылмыстарды анықтау және тергеу немесе әрбір нақты жағдайда қоғамдық қауіпсіздікке елеулі қатер төндіретін қылмыстардың алдын алу үшін қажет болғанда жүргізіледі;

3. сұрау салулар бойынша сұрау салған Жақтың заңдарымен рұқсат етілген іс-әрекеттерді жүзеге асырады;

4. жедел-ізвестіру шараларын жүргізу кезінде өзара іс-қимыл жасайды және осы мақсатта келісілген іс-әрекеттер жасайды әрі өзара кадрлық, материалдық және ұйымдық көмек көрсетеді;

5. трансұлттық қылмыстардың кең таралған әдістері туралы, сондай-ақ қылмыстар жасаудың айрықша жаңа нысандары туралы тәжірибе және ақпарат алмасады;

6. криминалистика және криминология саласындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен алмасады;

7. қылмыс жасау нәтижесінде алынған немесе қылмыстар жасау үшін пайдаланылатын, сондай-ақ қиянат ету мақсатында пайдаланылған құралдардың үлгілерін бір-біріне береді;

8. бірлесіп немесе өзара негізде мамандардың біліктілігін арттыруды жүзеге асырады және ұйымдасқан қылмыспен әрі басқа қауіпті қылмыс түрлерімен күрес саласындағы кәсіби біліктілікті арттыру үшін қызметкерлердің тәжірибе жинақтауын ұйымдастырады;

9. қажет болған жағдайларда алдын ала тергеу сатысындағы нақты қылмыстық істер бойынша бірлескен шаралар әзірлеу және өткізу үшін жұмыс бабындағы кездесулер өткізеді .

7 - б а п

Егер Екі Жақ бірі сұрау салуды орындау немесе өзара іс-қимыл жасау шегінде нақты шараларды жүзеге асыру өзінің егемендік құқықтарына шек қояды, қауіпсіздігіне немесе басқа маңызды мүдделеріне қатер төндіреді немесе өзінің құқық тәртібі принциптерін бұзады деп есептесе, онда көмек көрсетуден немесе осы шараны орындаудан толығымен немесе жартылай бас тартуы мүмкін не белгілі бір шарттар қ о я д ы .

Осы Келісімге, мемлекеттердің қолданылып жүрген ішкі заңдарына сәйкес және Екі Жақ үшін күші бар құқықтық нормаларды сақтай отырып адамдар туралы мәліметтер беру кезінде төмендегі ережелер сақталады:

1. алушы мәліметтерді тек берген Жақтың ұйғарымындағы мақсаттарда және жағдайларда ғана пайдаланады;

2. мәліметтерді алушы сұрау келіп түскен жағдайда беруші Жаққа оны пайдаланғаны және бұл ретте алынған нәтижелер туралы хабарлайды;

3. адамдар туралы мәліметтер тек ішкі істер (полиция), юстиция органдары мен қылмыстардың алдын алу және тергеу жөніндегі басқа мемлекеттік органдарға ғана беріледі. Одан әрі басқа органдарға беру тек оны берген органның алдын ала келісімімен ғана жүзеге асырылады;

4. Беруші орган сұрау салудың мақсаты мен мазмұны шегінде және оған сәйкес адамдар туралы берілетін мәліметтердің дұрыстығын қамтамасыз етеді және оларды беру қажеттігіне көз жеткізеді. Бұл ретте мемлекеттің ішкі заңдары негізінде қолданылып жүрген ақпараттарды беруге тыйым салу ескеріледі. Егер осындай жолмен мемлекеттің ішкі заңдарының бірінің принципі бұзылды немесе тиісті адамдардың заңмен қорғалатын мүдделеріне қысым жасалды деп болжауға негіз болса, адамдар туралы ақпараттар берілмейді. Егер күмәнді мәліметтер немесе берілмеуге тиісті мәліметтер берілген жағдайда, алушы орган бұл туралы дереу хабардар етіледі. Алушы орган бұл мәліметтерді түзетуге немесе жоюға міндетті;

5. Мүдделі адамдарға оның өтініші бойынша қолда бар оған қатысты мәліметтер туралы, сондай-ақ оларды пайдалану мақсаттары туралы анықтама беріледі. Егер мәселені қарау нәтижесінде мемлекеттің мүддесі мүдделі адамның мүддесінен басым екені анықталса анықтама берілмейді. Сонымен бірге мүдделі адамның осындай анықтама алу құқы оған сұрау салынған аумақтағы Жақтың ішкі мемлекеттік заңдарына сәйкес реттеледі;

6. беруші орган мәліметтерді жіберу кезінде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес оларды жою мерзімін көрсетеді. Бұл мерзімге қарамастан адамдар туралы алынған мәліметтерді алдыртқан мақсатқа қажеттігі біткен соң жою керек;

7. адамдар туралы мәліметтер беретін немесе алатын органдар оларды беруді және қабылдауды тіркеуге міндетті;

8. адамдар туралы мәліметтер беретін немесе алатын органдар берілген ақпаратты бөгде адамдардың көрінеуінен, оны өзгертуден және жария етуден тиімді қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

9-бап

Бұл Келісім соттар мен прокуратура органдарының қызмет саласындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек, сондай-ақ салық және кеден заңдарын бұзумен байланысты істер бойынша әкімшілік және құқықтық көмек көрсету мәселелерін қозғамайды.

10-бап

Осы Келісімді орындау мақсатында тікелей құзырлы орталық ведомстволар мен олар тағайындайтын сарапшылар арасында байланыс жасалды.

Орталық құзырлы органдарға мыналар жатады:

Қазақстан Республикасы жағынан

- Ішкі істер министрлігі,
- Ұлттық қауіпсіздік комитеті,
- Денсаулық сақтау министрлігі,
- Мемлекеттік Кеден комитеті,
- Мемлекеттік тергеу комитеті

Германия Федеративтік Республикасы жағынан

- Федеральдық ішкі істер министрлігі,
- Федеральдық денсаулық сақтау министрлігі,
- Федеральдық қылмыстық ведомствосы,
- Шекараны қорғау басқармасы,
- Кедендегі қылмыстық полиция ведомствосы.

11-бап

1-6 баптар аталған ынтымақтастықтың басқа егжей-тегжейлерін Екі Жақ немесе олардың өкілеттік беруі бойынша құзырлы органдар жеке уағдаластықтар арқылы белгілей алады.

12-бап

Осы Келісім Екі Жақтың басқа екі жақты және көп жақты келісімдерінен келіп шығатын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

13-бап

Осы Келісім Екі Жақ оның күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік процедураларды орындау туралы өзара нота алмасқаннан кейін күшіне енеді. Соңғы нота келіп түскен күн оның күшіне енген күні болып саналады.

1 4 - б а п

Осы Келісім он жыл бойы күшінде болады. Егер Екі Жақтың бірі

нота алмасу арқылы Келісімнің тоқтататыны туралы мәлімдемесе, Келісім келесі он жылға автоматты түрде ұзартылады. Келісімнің күшін тоқтату басқа Екінші Жақ тиісті нота алғаннан кейін алты айдан кейін күшіне енеді.

15-бап

Алматы қаласында 1995 жылғы сәуірдің 10-да екі данада, әрқайсысы қазақ, неміс және орыс тілдерінде жасалды, және де барлық текстің де бірдей күші бар. Қазақша және немісше текстеріне түсінік беруде алауыздық туған жағдайда орыс тіліндегі тексі негізгі болып саналады.

Қазақстан Республикасының Германия Федеративтік
Үкіметі үшін Үкіметі үшін